

ӘОЖ 811.512.122

Туыстық атаулардың лингвомәдени сипаты

Рахимова Динара Бауржановна

rah.dinara@gmail.com

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультеті, 8D01717– «Қазақ тілі мен әдебиетінің педагогтерін даярлау» мамандығының 2-курс докторанты,

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Г.Сагидолда

«Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» «байырғы» сөзіне: «1. Ежелгі, бұрынғы. 2. Жергілікті, тұрғылықты» деген анықтама берілген [1, 100]. Ал «Тіл білімі терминдерінің сөздігінде» «байырғы сөз» терминіне «Белгілі бір тілдің өзіне тән, лексикалық құрамының неғұрлым ескі қабатына жататын, етене төл сөздер», - деп түсіндірме жасайды [2, 32]. Демек берілген анықтамалардан байқайтынымыз, «байырғы» сөзі ежелгі, бұрынғы, түпкі сынды

мағыналарға ие болып, қазақ тілі термині ретінде тілдегі көне сөздер тобын құрайтын, тілдің құрамдас бөлігінің негізін қалайтын сөздерге қатысты қолданылады. Тілдегі байырғы лексика көне заманда пайда болғандықтан, қазақ халқының тұрмыс-тіршілігімен, этникалық ерекшелігімен, салт-дәстүр артықшылығымен тікелей байланысты. Сондықтан байырғы лексиканы құрайтын сөздер тобын зерттеу негізінде халықтың дүниетанымдық ерекшелігін, қазақ тіліндегі әлемнің тілдік бейнесін анық аңғара аламыз. Тілдегі байырғы сөздер ең көне қабатын құрайтындықтан, сөздік қорды құрайтын, сөздік құрамның ең ауқымды бөлігін алатын топқа жатады. Былайша айтқанда, байырғы сөздер тіліміздің негізгі сөздік қорының ұйытқысы саналады. «Қазақтың байырғы сөздері негізінен, қазақ тайпаларының қыпшақ қауымынан бөлініп шығып, 15—16 ғасыр мен 19 ғасыр арасында өз алдына халық болып біріккен кезінде пайда болған. Байырғы лексиканың құрамындағы жалпы түркілік сөздер мен негізгі сөздік қордан тыс мол қабаты тіліміздегі тарихи тума сөздермен байланысты (малшы, түндік, жаппа, тұтқыш, т.б.)» [2, 32].

Тілдің өзіндік даму тарихы, шығу арналары, тарихи негіздері болатыны белгілі. Өйткені тіл – қоғамдық әрі динамикалық құбылыс. Сол себепті де тілді зерттеу барысында оның тарихи негізіне, түп-төркініне назар аудару қажет. Басқаша айтсақ, сол тілді иеленушілердің тарихына, ұлттық, мемлекеттік кезеңге дейінгі жолына, тарихи белестеріне зер салуымыз керек. Қазақ халқының өз алдына ұлт пен ұлыс болып қалыптасар алдында түркі халықтарымен етене тығыз араласқанын, географиялық жағынан болсын, тайпалық сипатта болсын түркі тектес халықтармен бірге үндес, рухтас өмір сүргенін білеміз. Өйткені көршілес жатқан тайпалар қоғамдық құрылыста бір-бірімен араласа отырып, өздерінің шаруашылығы, тұрмысы, салт-дәстүрімен тығыз байланыста дамыған. Сондықтан қандай да бір ақпарат алмасу, коммуникация ұйымдастыру тіл арқылы жүзеге асатындықтан, тайпалар арасындағы байланыс тілде өз көрінісін беріп отырған.

Түркі тектес халықтар географиялық аумағы бойынша ғана емес, генетикалық туыстыққа ие болғандықтан, қазақ тілінің негізгі сөздік қорындағы «байырғы» лексика түркі тектес халықтардың біразына ортақ болып келеді. Өйткені ерте заманда пайда болған лексика түркі тектес халықтардың ұлт болып өз алдына бөлінбей тұрған кезеңінен бастау алады. Сол себепті түркі тектес халықтарға ортақ лексиканы нақтылы бір ұлтқа тели алмаймыз. Уақыт өте келе әр тіл өзінің ерекшелігіне, нормасы мен заңдылығына сай байырғы лексиканың дыбысталуында, қолданылуында өзіндік айырымдарын айқындады. Бұл сөздердің, яғни байырғы лексиканың шығу төркіні бір, сондықтан да қазақ тілінің «байырғы» лексикасын түркі тілдеріне ортақ сөздер немесе жалпы түркі сөздері деп атаймыз. Түркі тілдеріне ортақ байырғы сөздерді өз алдына топтастыруға болады. Оны былайша топтап көрсете аламыз:

- Анатомиялық атаулар: бас, құлақ, көз, қас, аяқ, шаш, маңдай, қол, ерін, ауыз, тіс, арқа, т.б.;

- Туыстық атаулар: ата, әке, іні, аға, апа, келін, күйеу, қатын, қыз, құда, абысын, қыз, бөле т.б.;

- Жан-жануар атаулары: қоян, түлкі, арыстан, піл, доңыз, тышқан, шыбын, бүркіт, қарға, т.б.;

- Табиғат құбылыстары атаулары: жел, су, өзен, көл, ағаш, тас, айғ күн, жұлдыз, аспан, құм, жауын, қар, жер, т.б.;

- Түр-түсті, сапа-сынды білдіретін атаулар: қызыл, жасыл, қара, ақ, сары, көк, ұзын, қысқа, қалық, жұқа, т.б.;

- Сан есімдер: бір, екі, үш, төрт, бес, алты, жеті, сегіз, тоғыз, он, елу, қырық, жүз, мың, т.б.;

- Есімдіктер: мен, сен, ол, біз, сіз, өзі, ешкім, кім, қалай, қайда, неше, сонау, анау, түгел, т.б.;

- Қимыл атаулары: жүр, отыр, тұр, жүгір, кел, кет, бар, кір, шық, бер, қал, өс, ер, қаш, т.б.;

- Үстеулер: ерте, кеш, жоғары, төмен, қашық, алыс, тез, бұрын, жылдам, бәсең, т.б.;
- Шылау сөздер: немесе, мейлі, дейін, соң, түгіл, таман, үшін, мен, және, да, тұрмақ, т.б

Көріп тұрғанымыздай, түркі тілдеріне ортақ сөздер тобының бірнеше жіктемесін жасауға болады. Себебі қандай да бір құбылыс, зат не іс-әрекет қоғам өмірінде орын алса, ол міндетті түрде номинацияға ие болады. Демек түркі тілдеріне ортақ сөздердің бір негізді, бір түбірлі болуы түркі тестес халықтардың тұрмыстық, салт-саналық, шаруашылық ерекшеліктерінің бірдей болуымен байланысты. Жоғарыда көрсетілген, түркі тілдеріндегі байырғы лексиканың классификациясында кездесетін сөздер қазақ, қырғыз, өзбек, түрік, татар тілдерінің барлығында дерлік бар, тек дыбыстық жағынан алшақтықтар байқалады.

Туыстық жүйе бір жағынан, отбасылық қатынастың әр қилы түрлерін көрсететін сөздер болса, екінші жағынан бұл әлеуметтік мақсаттардың анықталған жүйесі. Туыстық қатынас жеке адамдар аралық байланысының жиынтығында маңызды орын алатындықтан, бізді тек қана жүйелік-тілдік байланыс қана емес, сондай-ақ бұл парадигманың, әлеуметтің мәдени қасиеттерін білу. Негізінен осы жөнінде сөз болмақ. Қазақ мәдениетіндегі адамның рухани құрамының болуы отбасылық өмірде әлдеқайда анық байқалады, соның туыстық байланысымен анықталады. Міне, сол себепті қазақ рухани мәдениетін көрсететін туыстық қатынасты білдіретін атауларды қарастырудың лингвомәден маңызы ерекше орын алады.

Туыстық қатынас терминологиясы өзіндік жіктемесі бойынша, құрамындағы сөздердің түрлілігіне сәйкес ерекшеленіп отырады. Тіл қоғам дамуына сәйкес үнемі динамикалық қозғалыста болатындықтан,

1. Құрамы жағынан туыстық атаулардың лексикалық тобы үлкен емес, қазақ тілінде қырыққа жуық атауды ғана құрайды.

2. Туыстық атаулар тобы тектік (қандас), туыстық және некелік (сүйек жақындығы) болып екіге бөлінеді. Соңғысы некелесуге қатысты пайда болатын туыстық қатынастарды білдіру үшін қолданылады. Олардың үлесіне жоғарыда көрсетілген атаулардың жалпы санының шамамен жартысы тиеді.

3. Некелік атаулардың көпшілігі тектік (қандас) туыстығын білдіретін атауларға қарағанда екінші орындағы рөлді атқарады. Мысалы, ата (әке) – қайын ата.

4. Қазақ тіліндегі қандас туыстық және некелік қатысты білдіретін атаулардың көпшілігі бұрын өмір сүрген туыстық жүйесін бір ғана некелік топқа санап келген түрлі ұрпақ өкілдерінің едәуір үлкен бөлігін көрсетуге қызмет етеді, ал мұның өзі бұл терминдерге полисемантизм ренкін үстейді. Мысалы, аға, ағай, қаратпа – көке.

5. Жынысына қарай бөлінетін сөздердің көпшілігі бір-бірімен өзара байланысты сөздер – антонимдер ретінде жұмсалады, оның бір жұбы тектік (қандас) туыстық пен некелік туыстығына сәйкес ерлер атауын білдірсе, екіншісі әйелдер атауы ретінде жұмсалады. Мысалы: аға (үлкен аға), апа (үлкен әпке немесе қайын апа, қайын бике).

6 Туысқандық номенклатурасының тақырыптық разряды біршама тұрақтылығымен сипатталады. Қазақ тіліндегі жеке туыстық атаулардың тұрақтылығы олардың жасын көптеген ғасырлармен есептеуге (оның ішінде жазба ескерткіштері негізінде) алып келеді.

7. Туыстық атаулардың тұрақтылық тенденциясы (даму бағыты) болғанымен, тығыз экономикалық және мәдени байланыстар жағдайында түрік, араб, парсы, монғол тілдерінен енген сөздер кездеседі. Немесе түркі-монғол тілдеріне ортақ болып келеді [Р.К. Диуанова. Қазақ тіліндегі туыстық атаулардың мағыналық құрылымы мен лексикографиялану ерекшеліктері/ фил.ғыл.канд. диссер. автореф. – Алматы, 2010. – 27 б.].

Туыстық қатысқа негізделген туыстық атаулардың түп тамыры тереңде жатыр. Көне жазба ескерткіштерінде: VII ғасырдағы Орхон ескерткіштеріндегі: бек, ата, баба, қатун, іні т.б., X-XI ғасырдағы «Хибатул-ғақайық» ескерткіштеріндегі: қарт, ер, еш, кенч, қыз, ұл т.б., XIV-XV ғасырда жазылған қазіргі қыпшақ тілдерінің түп тамыры болып есептелінетін «Кодекс

куманикус» ескерткішіндегі: улу ата, ата, атаға, өбуге, қарындаш, оғул, қыз, еші, күйев, кума, тағай, епчі, чынай, ер т.б. туыстықты білдіретін сөздер қазіргі қазақ тілінде осы қалпында қолданылады. Ескерткіштерде кездесетін «ер», «қыз», «ұл» түбірлерінің қазіргі тілдік қолданыста мағынасы кеңейсе, «еш», «қарындас» түбірлерінің мағыналық жақтан тарылғанын көреміз. Ал кейбір түбірлер «мәс», «қарт», «дос» дара мағыналығын сақтаған. Бұдан тіліміздегі туыстық мағыналы сөздердің негізгі бөлігі байырғы түбірлерден құралғандығын аңғарамыз [Р.К. Диуанова. Қазақ тіліндегі туыстық атаулардың мағыналық құрылымы мен лексикографиялану ерекшеліктері/ фил.ғыл.канд. диссер. автореф. – Алматы, 2010. – 27 б.]

Тілімізде байырғы түбірлермен бірге араб-парсы, монғол тілдерінен енген сөздер де бар. Қазақ тіліне араб-парсы тілінен енген сөздер ислам дінімен байланысты болса, монғол тілінен ауысуы немесе ортақ болуы монғолдардың шабуылы салдарынан ғана емес, сонымен бірге олармен көршілес тұрып, тікелей қарым-қатынас жасау салдарынан еніп отырған. Монғол тілінің сөздің құрамындағы байырғы сөздер түркі халықтарының тіліне ұқсас, түбірлес болып келеді [Кеңесбаев І. Мұсабаев Ғ. «Қазіргі қазақ тілі». Алматы, 1975., 102].

Туыстық мәндегі атаулардан концептілік деңгейлерді, семантикалық өрістерді, лингвомәдени бірліктерді айқындап көрсетуге болады. Концепті қалыптасуында ұғымның не атаудың халықтық санадағы жады есепке алынатыны белгілі, туыстық атаулар халықпен сонау ғасырлардан жасасып келе жатқандықтан, өз алдына концептілерге жіктеле алады. Туыстық атаулардың ішінен «әке», «ана», «келін», «немере», «әже», «ата», «қарындас», т.б. концептілерін қарастыруға болады. Бұл атаулар өз алдына номинация болғанымен, мағыналық тұрғыдан, қолданыс тұрғысынан халықтық сипат алғандықтан, ұлттық мәдениетті, этностық салт-дәстүрді, әдет-ғұрыпты, халық үшін сакралды ұғымдарды сипаттайды. Қазақ тіліндегі «ана» концептісі мен өзге тілдердегі осы теңдес сөздің когнитивтік сипаты біркелкі болары бермейді. Қазақ халқы үшін «ана» жарық әлемді сыйлаушы, өмір беруші, мейірімді жан, қастерлі, қасиетті адам бейнесінде сипатталады. Бұл ұғым сол себепті де концептілік деңгейге дейін көтеріліп, кей жағдайда туыстық атау шегінен де шығып кетеді. Бұған дәлел «ана» сөзінің коннотациялық бояуының қанықтығында, көркемдік мәнде жұмсала алуында. Бұл секілді туыстық мәндегі сөздердің ұлттық мәдениет тұрғысынан жоғары мәнге ие, концептілік мағынаға сәйкес келетін бірнеше атауларды атап көрсетуге болады. Сол секілді «әке», «әже», «шеше», «келін», т.б. ұғымдарынан бірнеше семантикалық өрісті анықтай аламыз.

Туыстық атауларды өз ішінен мағыналық, яғни семалық бөліністерге, туысқандық, жыныстық тұрғыдан бірнеше жіктемелерге бөліп көрсетуге болады. Б.Тамаева туыстық, жыныстық белгісіне қарай былайша топтайды:

- а) сый-құрмет мағыналы ерлерге қатысты;
- ә) сый-құрмет мағыналы әйелдерге қатысты әйелдер атаулары;
- б) неке қиюға қатысты сый-құрмет мағыналы ерлер және әйелдер атаулары.

5. Құдандалыққа (сүйек-шатысқа байланысты) атаулар: құда, құдағи, құда бала, құдаша.

6. Туыстасу бойынша: өгей шеше, өгей әке, өгей ұл, асыранды бала [Тамаева Б. «Қазақ тіліндегі сый-құрмет мағыналы сөздердің лексика-семантикалық тобы» (канд.дисс.). Алматы, 1992.]

Туыстық мәндегі атаулардың бойында тілдік құбылыстан тыс, лингвомәдени сипаттар жасырынады. Сондықтан туыстық атауларды тек лингвистика тұрғысынан емес, халықтық мәдениет, этностық ерекшелік, салт-дәстүр, ұлттық дүниетаным аспектісінен қараймыз. Жалпытүркілік лексикада, соның ішінде қазақ тіліндегі туыстық атаулардың лингвомәдени сипаты семантикалық маңызға ие болатын әдет-ғұрыптардан, дәстүрлерден тұрады. Соған сәйкес бұл атауларда ұлттық ерекшеліктер айқындалады. Пікірімізді қуаттау үшін Р.К. Диуанованың көзқарасына жүгінейік: «Туыстық атау- әлеуметтік таңба. Туыстық атау – лингвомәдени таңба. Ол лингвомәдени таңба ретінде өзінің тарихи-мәдени семантикасында

түрлі қосымша мағыналарды жинақтайды» [Р.К. Диуанова. Қазақ тіліндегі туыстық атаулардың мағыналық құрылымы мен лексикографиялану ерекшеліктері/ фил.ғыл.канд. диссер. автореф. – Алматы, 2010. – 27 б.].]. Зерттеуші туыстық атаулардың лингвомәдени сипатына ерекше мән бере отырып, оларды өз ішінен екіге жіктеп көрсетеді: нақты қандық туысқандық атаулар және некелік туысқандық атаулар [Р.К. Диуанова. Қазақ тіліндегі туыстық атаулардың мағыналық құрылымы мен лексикографиялану ерекшеліктері/ фил.ғыл.канд. диссер. автореф. – Алматы, 2010. – 27 б.].].

Сонымен, жалпытүркілік лексиканың негізін құрайтын байырғы сөздер қатарындағы туыстық атаулар өзінің мәдени сипатымен, этностық, когнитивтік белгілерімен ерекшеленеді. Туыстық атаулар түрлі классификацияларға жіктеле отырып, әр атау белгілі бір деңгейде концепті түзуге, семантикалық өріс қалыптастыруға икемді. Туыстық атаулардың лингвомәдени сипатын анықтай отырып қазақ тілінің түркі тілдерімен байланысын, түркі мәдениетімен тұрмыс-салт қатынасын анықтай аламыз.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі
2. Тіл білімі терминдерінің сөздігі
3. Диуанова Р.К. Қазақ тіліндегі туыстық атаулардың мағыналық құрылымы мен лексикографиялану ерекшеліктері/ фил.ғыл.канд. диссер. автореф. – Алматы, 2010. – 27 б.
4. Кеңесбаев І. Мұсабаев Ғ. «Қазіргі қазақ тілі». Алматы, 1975